



Kaspi Travel-мен

шарт

Қосылу шарты «Kaspi Travel» ЖШС мен Пайдаланушының билеттерді іздеу, брондау және сатып алу бойынша қарым-қатынасын реттейді. Шарттың талаптарын «Kaspi Travel» ЖШС айқындайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес Пайдаланушы оларды ұсынылған Шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдайды.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

- 1) Kaspi – «Kaspi Bank» АҚ;
- 2) ЖШС – «Kaspi Travel» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 3) Акцепт – Пайдаланушының Шартта көзделген және Шарт жасасу ниетін растайтын әрекеттері;
- 4) Банк – Билетті сатып алған кезде төлемді ұйымдастыратын және ақшаны аударатын екінші деңгейдегі банк;
- 5) Билет – әуе рейстері мен теміржол рейстеріне электрондық нысандағы жол жүру құжаты/маршруттық түбіртек;
- 6) Ваучер – Билетті қайтарғаны үшін алынған сомаға Жолаушының құқығын куәландыратын тасымалдаушының құралы. Ваучерді атына Ваучер берілген Жолаушыға жаңа Билет сатып алу үшін пайдалануға болады;
- 7) Шарт – ЖШС-мен жасалатын осы Шарт;
- 8) Т/Ж рейстері – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, сондай-ақ оның серіктестері жүзеге асыратын теміржол рейстері;
- 9) Тапсырыс – Пайдаланушының Жеке кабинеттен Билетті іздеу, брондау және сатып алу туралы сұратуы;
- 10) Касса – «Экспресс-3» АБЖ терминалдық жабдығымен не Жетілдірілген фискалдық билет- кассалық кешенімен (ЖФБКК) жабдықталған, Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген т/ж кассасы;
- 11) Жеке кабинет – ЖШС-ның бағдарламалық жасақтамасы арқылы Тапсырысты ресімдеуге арналған Интернет желісіндегі Пайдаланушының ақпараттық кеңістігі;
- 12) Маршруттық сегмент – Билет ресімделетін тасымалдау маршрутының учаскесі;
- 13) Жолаушы – Пайдаланушы атына Билет брондаған және/немесе сатып алған тұлға;
- 14) Тасымалдаушы – Жолаушыны тасымалдау қызметін және Брондау жүйесінде қолжетімді тасымалдауға байланысты басқа қызметтерді жеткізуші, серіктестік/агенттік/қосалқы агенттік шарттарында және ЖШС-мен жасалған басқа да шарттардың талаптарында әрекет етеді;
- 15) Пайдаланушы – Kaspi-дің клиенті болып табылатын және Акцептті жүзеге асыратын 18 жасқа толған жеке тұлға;
- 16) Тасымалдаушының ережесі – Тасымалдаушылар жүзеге асыратын ішкі және халықаралық әуе және/немесе Т/Ж тасымалдауын орындаған кездегі жалпы талаптар және жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау тарифтері;
- 17) Сайт – www.travel.kaspi.kz интернет-ресурсы;
- 18) ЖШС-ның сервистік алымы – Пайдаланушының Қызметтер үшін ЖШС-ға төлейтін ақшасы;
- 19) Брондау жүйесі – ЖШС-ның Тасымалдаушылардан Билеттерді іздеу, брондау және сатып алу бойынша онлайн-сервисі және Жеке кабинетте басқа да мүмкіндіктерді ұсынады;
- 20) Тараптар – ЖШС және Пайдаланушы;
- 21) ОҚҚ – (Орынды қайтару құжаты) Билетті Касса арқылы қайтаруды ресімдеген кезде Жолаушыға берілетін құжат.

2. Шарттың мәні

2.1. ЖШС Пайдаланушыға Брондау жүйесінде қолжетімді Сайтта/Брондау жүйесінде Билеттерді іздеу, брондау, Билет сатып алу, сондай-ақ оны ұйымдастыру және Жеке кабинет арқылы Тапсырысқа сай сатып алу (бұдан әрі – Қызмет) мүмкіндігін береді.

Жеке кабинеттің жұмысы Пайдаланушы мен Тасымалдаушы және/немесе үшінші тұлғалар арасында байланыс орнатуды және мәмілелер жасауды қамтамасыз етеді.

2.2. ЖШС Тасымалдаушы ұсынған өкілеттіктер негізінде және/немесе Тасымалдаушының атынан және оның тапсырмасымен Билеттерді және Тасымалдаушы басқа қызметтерді сату бойынша әрекеттерді жүзеге асыруы үшін бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктерді ұсыну бойынша әрекеттерді жүзеге асырады. Тасымалдаушылар мен ЖШС аталған шарттардың талаптарына сай сатылған Билеттер үшін өзара есеп айырысады.

2.3. Тасымалдау шарты Пайдаланушы мен Тасымалдаушының арасында жасалады. Тасымалдаушы Жолаушыларды тасымалдау және / немесе Тасымалдаушының басқа да қызметтері үшін толық жауапкершілік атқарады..

2.4. Тапсырыстың параметрлерін Пайдаланушы Сайтта және Брондау жүйесінде ұсынылған нұсқалардан жасақтайды.

2.5. Пайдаланушы үшінші тұлға Жолаушыға Билет сатып ала алады. Жолаушы мен Пайдаланушы бір адам болуы мүмкін.

2.6. Тасымалдаушының Ережелерін, соның ішінде Тасымалдаушының, Тасымалдаушының қызметтерін пайдаланатын адамдардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін Тасымалдаушы айқындайды.

2.7. ЖШС Билеттерді сатып алу бойынша мәмілелерді жасаған кезде немесе оларды қайтарған/ауыстырған/брондаудың күшін жойған кезеңде және/немесе Тапсырысты ресімдеген кезеңде қосымша мүмкіндіктер ұсыну бойынша қосымша/ілеспе қызмет (бұдан әрі – Қосымша қызметтер) ұсынуға құқылы.

2.8. Қызметтің және/немесе Қосымша қызметтердің көлемі мен құны Тапсырыс Бронь қою жүйесінде ресімделгенде Тапсырыс жасақталған сәтте және/немесе Тапсырыстың параметрлері өзгертілгенде Пайдаланушыға хабарланады және ақы төлеген кезде «ЖШС-ның сервистік алымы» ретінде көрсетілуі мүмкін. Қызметтің және/немесе Қосымша қызметтердің құнын Пайдаланушы Тапсырыспен бір мезгілде төлейді.

2.9. ЖШС ЖШС-ның Сервистік алымының максималды мөлшеріне жеңілдік бере алады. Берілген жеңілдікті ескере отырып, ЖШС-ның сервистік алымының бағасы пайдаланушының назарына Жеке кабинетте жеткізіледі.

2.10. Билет үшін ақы төленген сәтте Қызмет көрсетілген болып саналады.

2.11. Пайдаланушы Шарттың аясында Тасымалдаушы көрсететін «Онлайн тіркеу» қызметін (Тасымалдаушы мұндай қызметті көрсетсе және Тасымалдаушының интернет-ресурсына кіруге техникалық шектеулер болмаған жағдайда) Жеке кабинет арқылы ала алады. Мұндай жағдайда ЖШС Тасымалдаушының интернет-ресурсында Онлайн тіркелуге Пайдаланушының тапсырмасын орындау бойынша Қосымша қызмет көрсетеді.

Пайдаланушы Онлайн тіркелген кезде Пайдаланушы растаған телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы жіберілген бірреттік кодты және/немесе Жеке кабинетке жіберілген Push-хабарламаны енгізу арқылы ЖШС-ға Онлайн тіркелуге тапсырма береді. Жеке кабинетте Қосымша қызмет көрсетілген кезде Пайдаланушы алған кодты енгізу тапсырманың жазбаша нысанда берілгенін растау (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152-бабы), Онлайн тіркеуге келісу және енгізілген Билет деректерін, соның ішінде Пайдаланушының/Жолаушылардың дербес деректерін растау болып табылады.

Мұндай қызметті көрсету мүмкін болмаған жағдайда, ЖШС бұл туралы Жеке кабинетте және/немесе Жеке кабинетте тіркелген кезде расталған телефон нөміріне тиісті SMS-хабарлама немесе Push-хабарлама жіберу арқылы хабарлайды. Пайдаланушы билетті қайтаруға немесе айырбастауға өтінім берген жағдайда, ЖШС Онлайн тіркелудің күшін жою бойынша әрекеттерді жүзеге асырады.

3. Пайдаланушының Акцептісі, растамалары, кепілдіктері мен келісімдері

3.1. Билеттерді іздеуге, брондауға және/немесе сатып алуға бағытталған Пайдаланушының Брондау жүйесіндегі әрекеттері және/немесе Сайтта тіркелу және/немесе Сайтта/Жеке кабинетте

Пайдаланушы/Жолаушы туралы деректерді енгізу және/немесе Пайдаланушыны/Жолаушыны Сайтта авторизациядан өткізу және/немесе Тапсырысты ресімдеу Шарттың Акцептісі және Пайдаланушының Шарттың талаптарына қосылуға келісімі болады.

3.2. Пайдаланушы Акцептіні жасай отырып:

3.2.1. Шарттың мәтінін оның толығымен оқығанын және оның талаптарымен толығымен келісетінін растайды;

3.2.2. Тасымалдаушының ережесін өз бетінше оқығанын, түсінгенін және талаптарын (соның ішінде Билетке тарифтерді қолдануға, оны қайтару және айырбастау талаптарына қатысты талаптарын) қабылдайтынын растайды;

3.2.3. Пайдаланушы/Жолаушы Қызметті тек кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес Жеке мақсатта ғана сатып алатынын растайды;

3.2.4. Пайдаланушыға/Жолаушыға тасымалдау міндеттемелерін ЖШС-ның қатысуынсыз тікелей Тасымалдаушы беретінін толық түсініп, онымен келіседі. Тасымалдау шарты бойынша құқықтар мен міндеттер Жолаушы мен Тасымалдаушының арасында Тасымалдаушының ережелеріне сәйкес туындайды, ЖШС Тасымалдаушы емес. Тасымалдау қызметін көрсету сапасы мен мерзімдері бойынша мәселелерді Пайдаланушы ЖШС-ның қатысуынсыз тікелей Тасымалдаушымен шешеді. Билетті қайтару, Билет үшін ақшаны қайтару мерзімі, Билеттерді айырбастау тәртібі мен мерзімі бойынша барлық мәселені Пайдаланушы Шарттың талаптарына сай шешеді.

3.2.5. ЖШС-ға Брондау жүйесінен хабарламалар мен хабарлар алуға және рейстердің өзгергені туралы ақпаратты, сондай-ақ Тапсырыстың аясында басқа хабарламаларды жіберу үшін байланыс ақпаратын пайдалануға келісім береді;

3.3. ЖШС Қызметті Брондау жүйесінде және Сайтта көрсетеді.

3.4. Тасымалдау және Тасымалдау шарты бойынша міндеттемелерге байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тасымалдаушы мен Пайдаланушының/Жолаушының арасында ЖШС-ның қатысуынсыз шешіледі. Тасымалдаушы Тасымалдау шартының талаптарын бұзғаны үшін ЖШС жауапкершілік атқармайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Пайдаланушы:

- 1) Шартта көрсетілген электрондық пошта бойынша немесе 9999 телефон нөмірі бойынша қолдау қызметіне хабарласып, ЖШС-дан Тасымалдаушының Ережелерінің түсіндірмесін қазақ және/немесе орыс тілдерінде Билет сатып алғанға (ақысын төлегенге) дейін алуға;
- 2) Билетті өз ақшасының есебінен және/немесе Банкте/Сайттағы Kaspi-де, егер соңғылары ЖШС-мен жасалған Ынтымақтастық туралы шарттың негізінде мұндай несиелер берген жағдайда, несиеге сатып алуға құқылы. Несие шарттары Пайдаланушы мен Банктің/Kaspi-дің арасында ЖШС-ның қатысуынсыз ресімделеді. Несие шарттарының аясында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Банк/Kaspi және Пайдаланушы ЖШС-ның қатысуынсыз шешеді;
- 3) Билет үшін ақыны өткізген кезде Сайтта кез келген ақы төлеу тәсілін таңдауға;
- 4) Қызметті Шартқа және Тапсырысқа сай алуға **құқылы**. Бұл ретте Тасымалдаушылар және/немесе ЖШС Пайдаланушыларға/Жолаушыларға кез келген басқа (олар Брондау жүйесінде таңдағандардан басқа) қызметті көрсетуге міндетті емес.

4.2. Пайдаланушы:

- 1) өз бетінше Тасымалдаушыдан багаждың, қол жүгінің рұқсат етілген салмағы, ауқымы және бірлігінің саны туралы ақпаратты нақтылауға міндетті. Осындай сұрақтар бойынша ЖШС-дан алынатын бүкіл ауызша ақпарат ұсынымдық сипатқа ие және хабарлаған күні өзекті;
- 2) оған қажет қолданыстағы талаптар, тасымалдау кезіндегі шектеулер туралы, соның ішінде қажетті визалар, кіруге рұқсаттар, егулер, сақтандыру полистері және межелі жердің елі немесе ауыстырып отырғызатын орын үшін өзге де рұқсат құжаттар мен рәсімдер туралы ақпаратты Тасымалдаушыдан өз бетінше алуға міндетті. Бұл ретте ЖШС-дан алынатын бүкіл ауызша ақпарат ұсынымдық сипатқа ие, хабарлаған күні өзекті және Тасымалдаушыдан нақтылануға тиіс;
- 3) Маршруттық сегментті Билетте көрсетілген бірізділікке қатаң сәйкестікте пайдалануға міндетті. Егер Маршруттық сегменттің бірізділігі бұзылса, Жолаушыларға тасымалдау қызметі көрсетілмейді, ал Билет айырбасталмайды немесе қайтарылмайды. Жолаушының/ Пайдаланушының Маршруттық сегменттің бірізділігін бұзғаны үшін ЖШС жауапкершілік атқармайды;
- 4) Пайдаланушының/Жолаушының деректерін қисынды әрі дұрыс толтыруға және Тапсырысқа енгізуге, сондай-ақ осы деректердің паспорттық деректерге сәйкес келуін қамтамасыз етуге міндетті. Өуе тасымалдау қызметтерін алған кезде Жолаушылардың жеке деректері кез келген өзгергенде

халықаралық стандарттар бойынша қайта ресімдеген сәтте қолжетімді Тасымалдаушының тарифтері бойынша әуе билеттерін қайта ресімдеу қажет;

5) тегін/атын және өзге деректерін дұрыс жазуға міндетті. Тегін/атын жазғанда қате жіберілген жағдайда, Билетті қайта ресімдеуге байланысты кез келген салдар мен шығыс үшін ЖШС жауапкершілік атқармайды;

6) Брондау жүйесін Жолаушының/Пайдаланушының Билеттерді үшінші тұлғаларға қайта сатуы мақсатында пайдаланбауға;

7) Билетті несие сатып алған жағдайда, несие шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауға;

8) жеке басын куәландыратын құжаттардың жарамдылығын, олардың жарамдылық мерзімін, келген елінің ережелеріне сай қайтқан сәттен бастап паспорттың жарамдылық мерзімінің ұзақтығын, визалардың болуын (қажет болғанда) және олардың Тасымалдау ережесіне (соның ішінде транзиттік және соңғы жерде) сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

9) Тапсырыстағы мәліметтердің дұрыс толтырылуын, оның ішінде Жолаушылар туралы деректерді қайта тексеруге;

10) Пайдаланушы және/немесе Жолаушылар туралы Тапсырыстың деректері өзгерген кезде, мұндай деректердің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкестігін тексеруге және қамтамасыз етуге **міндетті**.

4.3. ЖШС:

1) Жолаушыға баға туралы, брондағы өзгерістер туралы ақпаратты, рейстердегі өзгерістер және оларды болдырмау туралы және т.б. сияқты Маршруттық сегменттерге байланысты ақпараттық хабарларды жіберуге;

2) Қызмет/Қосымша қызметтер үшін ақы алуға **құқылы**.

4.4. ЖШС:

1) Пайдаланушының/Жолаушының дербес деректерін (оны пайдалануға байланысты оған белгілі болған) жария етпеуге (оған мұндай жария ету осы Шартты орындау үшін талап етілген жағдай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайлар қосылмайды);

2) Қызметті Тапсырыс параметрлеріне сай көрсетуге;

3) Билеттер үшін ақы төлеу сервисін қамтамасыз етуге;

4) Брондау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін және оған кіруді қамтамасыз етуге;

5) Жолаушыларға/Пайдаланушыларға Шартқа сай кеңес беруге **міндетті**.

5. Билеттер

5.1. Билеттерді брондау:

1) брондаған кезде Пайдаланушыға/Жолаушыға брондау нөмірімен (PNR, Passenger Name Record) және/немесе Билеттің нөмірімен растау беріледі, ол Жеке кабинетке («Билеттерім» бөлімі) жолданады. Жолаушы/Пайдаланушы брондау нөмірін және Билеттің нөмірін әрдайым қатаң құпияда сақтауға тиіс;

2) Брондау жүйесіндегі/Жеке кабинеттегі ақпарат сұратқан және Тапсырысты жасақтаған сәтте Тасымалдаушылар ұсынған ақпаратқа сәйкес келеді;

3) Билетті төлеген және брондаған сәтке дейін 30 минут бұрын жасалатын бронды Тасымалдаушы біржақты тәртіппен өзгерте алады немесе жоя алады, соның салдарынан брондалған Билеттердің құнының өзгергені үшін ЖШС жауапкершілік атқармайды.

4) Тапсырысқа өзгерістер енгізу үшін Пайдаланушы ЖШС-ға номер брондау нөмірін (PNR) хабарлайды, оның негізінде Пайдаланушы/Жолаушы сәйкестендіріледі.

5.2. Билеттерді сатып алу және ақысын төлеу:

1) Тапсырысты ресімдегеннен кейін және Билеттің брондалғаны туралы растауды алғаннан кейін, Пайдаланушы Жеке кабинетте бар нұсқалардың ішінен (өз ақшасына және/немесе несиеге) ақы төлеу түрін таңдау арқылы Билетті төлейді;

2) ЖШС Билеттің электрондық деректемелерін Пайдаланушыға Жеке кабинетіне («Билеттерім» бөлімі) жібергеннен кейін Пайдаланушының Билетті/Тапсырысты төлеу жөніндегі міндеттемесі орындалған, Билеттер сатып алынған болып саналады.

3) Билетті Жеке кабинетте Ваучер арқылы төлеу функциясы қолжетімді болған жағдайда, онда Билет онда көрсетілген ақша сомасына сәйкес осындай Ваучер есебінен төленеді. Ваучермен төлеудің бұл мүмкіндігі тек Тасымалдаушының келісімімен және оның ережелері бойынша және жеке кабинетте техникалық мүмкіндік болған жағдайда ғана беріледі.

5.3. Билеттердің құны және Тасымалдаушының тарифтері:

- 1) Билеттердің құны Тасымалдаушылар мен әуежайлардың бекіткен тарифтерінен, ақысынан және алымдарынан тұрады. Билеттің құнына ЖШС-ның Сервистік алымы қосылуы мүмкін. Билеттің жалпы құны Тапсырыс жасақталған сәтте Брондау жүйесінде/Жеке кабинетте көрсетіледі;
- 2) Жеке кабинетке растауды алған сәтке дейін Брондау жүйесінде айқындалған Билеттің құны және Тасымалдаушының тарифтері туралы ақпарат Билеттің құнын нақты төлеген сәтте одан өзгеше болуы мүмкін.

5.4. Әуе билеттерін қайтару ерекшеліктері:

- 1) Билеттер Тасымалдаушылардың Ережелері мен Тасымалдаушылар белгілейтін Тарифтерге сәйкес айырбасталады және қайтарылады;
- 2) Билет қайтарылған немесе айырбасталған жағдайда, Пайдаланушы Жеке кабинетте/Брондау жүйесінде Билетті қайтаруға немесе айырбастауға өтінімге бастама көтереді;
- 3) Билет қайтарылған кезде қайтарылуға тиіс ақша сомасы туралы ақпарат Жеке кабинетте көрсетіледі;
- 4) Билет айырбасталған кезде қосымша төленуге тиіс ақша сомасы туралы ақпарат Жеке кабинетте көрсетіледі;
- 5) Пайдаланушыдан Билетті қайтаруға және/немесе айырбастауға өтінімді алғаннан кейін, ЖШС Брондау жүйесінде Билетті қайтару/айырбастау бойынша әрекеттер мен рәсімді жасайды. ЖШС Брондау жүйесінде/Жеке кабинетте Пайдаланушыдан Билетті қайтаруға/айырбастауға өтінімді алған сәттен бастап күнтізбелік 5 күннің ішінде Тасымалдаушыға Билетті қайтаруға/айырбастауға сұратуға бастама көтереді;
- 6) Тасымалдаушыдан Билетті қайтару/айырбастау туралы ақпаратты алғаннан кейін және Тасымалдаушыдан қайтарылған Билет үшін ақшаны алғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде ЖШСПайдаланушыға оған тиесілі қайтарылған Билет үшін ақша сомасын бұрын Билет төленген ағымдағы шотқа аударады. Егер Билетті айырбастаған кезде Пайдаланушыға ақша қалдығын қайтару қажет болған жағдайда, ЖШС Пайдаланушыға оған тиесілі ақша сомасын бұрын Билет төленген ағымдағы шотқа аударады. Ақпарат пен оны ауыстырғаннан кейін жаңа Билеттің деректемелері Жеке кабинетте («Билеттерім» бөлімі) Пайдаланушының назарына жеткізіледі;
- 7) егер Билет несиеге сатып алынса, ЖШС Пайдаланушыға тиесілі қайтарылған Билет үшін ақша сомасын несие алынған Банктің/Kaspi-дің банктік шотына Несие шарты бойынша Билет сатып алуға берілген несие бойынша берешекті өтеуге аударады;
- 8) Билетті қайтару мерзімі Тасымалдаушының Ережелеріне және Тасымалдаушының тарифтеріне сай айқындалады. Билет үшін ақшаны қайтару мерзімі ЖШС-ға байланысты емес және оны ЖШС айқындамайды. ЖШС Тасымалдаушының Билет үшін ақшаны қайтару мерзімі туралы шешіміне ықпал ете алмайды. Билет үшін ақша қайтарылмағанда және/немесе Билет үшін ақшаны қайтарудан бас тартылғанда, және/немесе Тасымалдаушы банкрот болған жағдайда және/немесе ақшаны қайтаруға кедергі жасайтын және ЖШС-ға байланысты емес өзге жағдайларда барлық мүлдікті талаптар мен мүлдікті шығынды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ мұндай шығынды өтеу көлемдерін Пайдаланушы өз бетінше Тасымалдаушыға және/немесе үшінші тұлғаларға ЖШС-ның қатысуынсыз қояды.

5.5. Т/Ж рейстерінің Билеттерін қайтару ерекшеліктері:

5.5.1. Жеке кабинетте/Бронь қою жүйесінде онлайн режимде:

- 1) Пайдаланушы Билетті қайтаруға/айырбастауға өтінімге бастама көтереді;
- 2) Билетті айырбастау Билетті қайтару және жаңа Билет сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

5.5.2. Касса арқылы офлайн режимде:

- 1) Билетті Касса арқылы қайтару ОҚҚ (Өртүрлі алымдар түбіртегі (ӨАТ), Өртүрлі алымдардың электрондық түбіртегі (ӨАЭТ), Электрондық қосалқы құжат (ЭҚЖ) деп аталуы мүмкін) беру арқылы ресімделеді.
- 2) теміржол құрамын жасақтау станциясынан (бұдан әрі – Бастапқы станция) пойыз жөнелтілгенге дейін 1 сағаттан астам уақыт бұрын Билетті қайтаруды ресімдеген кезде, Касса орынды қайтаруды ресімдеп, Жолаушыға ОҚҚ береді.
- 3) Жолаушы алынған ОҚҚ-ны ЖШС-ға PNR мен Жолаушының деректерін көрсете отырып, Жеке кабинет арқылы жібереді.
- 4) ЖШС Жолаушының өтінімін алған сәттен бастап күнтізбелік 5 күннің ішінде ақшаны қайтаруға өтінімді және Жолаушыдан алынған ОҚҚ-ны Тәуекелдер комиссиясына (ЖШС-ның (қосалқы агенттердің) және Тасымалдаушының өкілдерінен тұратын комиссия) жібереді. Тәуекелдер

комиссиясы ОҚҚ-ны ЖШС өтінім берген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қабылдап, онымен жұмыс жүргізеді.

5) Жолаушының Бастапқы станциядан пойыз жөнелтілгенге дейін кемінде 1 сағат бұрын билетті қайтаруын ресімдеуі екі кезеңмен жүзеге асырылады. Жолаушының жөнелту станциясында орналасқан Кассаға Жолаушы Билетті қайтаруды ресімдеу үшін келгеннен кейін, Касса Жолаушыға «вз по претензии» немесе «шағым бойынша» деген белгі қойылған ОҚҚ-ны береді. Жолаушы ОҚҚ-ны алғаннан кейін белгіленген форматтағы жазбаша өтінішті («Жолаушылар тасымалы» АҚ қаржы жөніндегі вице-президентінің атына) толтырады, Жолаушы Өтінішті ілеспе құжаттармен бірге Жолаушылар тасымалы» АҚ-қа өз бетінше жібереді.

5.6. Кредитке алынған Билеттерді қайтару ерекшеліктері

Пайдаланушы кредитке сатып алынған Билетті қайтарған кезде ЖШС қайтарылған Билет үшін Пайдаланушыға тиесілі ақша сомасын кредит алынған Банктің/Kaspi-дің банктік шотына кредиттік шарт бойынша Билет сатып алуға берілген кредит бойынша берешекті өтеуге аударады.

6. Пайдаланушы мен Жолаушының дербес деректері

6.1. Пайдаланушы/Жолаушы туралы деректерді енгізіп және Тапсырысты ресімдеп, Пайдаланушы ЖШС-ға Қызмет көрсетуге, Билет үшін төлемді ұйымдастыруға, Kaspi-де банктік қызметтер алуға байланысты мақсаттар үшін, соның ішінде Билет сатып алу мақсатында Пайдаланушының несие ресімдеуі үшін Пайдаланушының дербес деректерін және басқа мәліметтерді кез келген тәсілмен, соның ішінде байланыс қызметін (пошталық, телефон, ұялы және басқа байланыс түрлерін) көрсететін адамдар арқылы жинауға және өңдеуге, Тасымалдаушыларға, Банкке, Kaspi-ге және өзге үшінші тұлғаларға беруге келісімін береді.

6.2. Билет үшінші тұлға Жолаушыға ресімделген және сатып алынған жағдайда, Пайдаланушы мұндай тұлғаның деректерін енгізе отырып, мұндай тұлғалардың оған осы әрекеттерді жасауға тиісті түрде уәкілеттік бергенін, сондай-ақ олардан ЖШС-ның Қызметін алу мақсатында олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін алғанын растайды. Үшінші тұлға Жолаушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге барлық келісімді алу үшін бүкіл жауапкершілікті Пайдаланушы көтереді.

6.3. Пайдаланушы ЖШС-ға автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай берілген дербес деректермен кез келген әрекет (операция) немесе дербес деректермен жасалатын әрекеттер (операциялар) жиынтығын (оған мыналарды қоса: дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, беру (тарату, қолжетімділік беру), иесіздендіру, бұғаттау, өшіру, жою, сондай-ақ берілген дербес деректерді өңдеу) жасауға құқық береді.

7. Форс-мажор

7.1. Тараптардың біреуі де өзінің Шарт бойынша кез келген міндеттемесін бұзғаны үшін, егер мұндай бұзушылық Тараптардың қисынды бақылауынан тыс тұрған және Шарт жасалғаннан кейін туындаған Еңсерілмейтін күш жағдайларының тікелей салдары болса, жауапкершілік атқармайды.

7.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: соғыс қимылдары, террористік актілер, ереуілдер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі мен өзге де стихиялық апаттар, Қазақстан Республикасы(-на)нан тасымалдауға шектеу қою, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының (заңды немесе заңсыз) әрекеттері, интернет-провайдерлердің, хостинг компанияларының қызмет көрсетуіндегі жаңылысу, қызметті Бастапқы жеткізушілердің жұмысындағы жаңылысу, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді қабылдауы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының салдарынан кез келген Тарап Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындау мүмкіндігінен айырылатын тыйым салу және/немесе шектеу шараларын, төтенше жағдайды енгізуі.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар Шарттың талаптарын тиісінше орындамағаны үшін Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

8.2. ЖШС:

8.2.1. Тасымалдаушылардың әрекеттері (соның ішінде әуе рейстерінің және/немесе Т/Ж рейстерінің өзгергені, болдырмағаны, ауыстырылғаны және кешіктірілгені, багаждың жоғалғаны және/немесе зақымдалғаны және т.с.с.);

8.2.2. Әуежайлардың жабылғаны және/немесе жұмысы уақытша тоқтатылғаны;

- 8.2.3. Сақтандыру ұйымдарының әрекеттері;
- 8.2.4. Консулдық қызметтің, иммиграциялық биліктің әрекеттері (соның ішінде визаны беруден бас тартылғаны/визаның уақтылы берілмегені, сондай-ақ берілген визалардағы қателер/жаңылыс жазулар үшін);
- 8.2.5. Жолаушының/Пайдаланушының кедендік және шекаралық талаптарды, жол жүру және багажды өткізу ережесін, сондай-ақ келген елінде өзін ұстауға қойылатын талаптарды бұзғаны;
- 8.2.6. Тасымалдау қызметін пайдаланған кезде Жолаушыда/Пайдаланушыда Билеттердің болмағаны;
- 8.2.7. Жолаушының/Пайдаланушының кету әуежайына келмегені немесе кешіккені;
- 8.2.8. Әуе тасымалдаушысының бекіткен ұшақтың бортында өзін ұстау ережесін Жолаушының сақтамағаны;
- 8.2.9. Жолаушыда/Пайдаланушыда тиісті түрде ресімделген жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке куәлігінің, паспортының), сондай-ақ қолданылатын құқыққа сәйкес талап етілетін басқа құжаттардың (соның ішінде кәмелетке толмаған адамдарды апару үшін) болмағаны және олардың жарамдылығы;
- 8.2.10. Жолаушы/Пайдаланушы ұсынған ілеспе құжаттарда қамтылған мәліметтердің түпнұсқалығы және шынайылығы (соның ішінде ақшаның болуын; отельдің брондалғанын; қабылдаушы тараптың шақыртуын және т.б. растау);
- 8.2.11. Қазақстан Республикасының және шет елдердің мемлекеттік және өзге ресми органдары мен қызметтерінің әрекеттері;
- 8.2.12. Жолаушылардың багажының, жүгінің, құндылықтары мен құжаттарының олар жол жүрген бүкіл мерзім ішінде сақталуы;
- 8.2.13. Пайдаланушының және/немесе Жолаушылардың шығынын өтеу, егер олар Тасымалдаушының қызметтерін пайдаланбаған жағдайда;
- 8.2.14. Пайдаланушы билетті брондаған/сатып алған кезде (Тасымалдаушылардың, ЖШС-ның өзге қызметтерін алған кезде, соның ішінде Онлайн тіркелу кезінде) Жолаушының шынайы емес/дұрыс емес деректерін енгізгені;
- 8.2.15. Қажетті барлық құжаттың, соның ішінде қажетті анықтамалардың, балаларды апаруға/әкетуге рұқсаттардың, жануарлардың паспорттарының, қауіпті жүк үшін құжаттардың, кіруге және шығуға рұқсаттардың және өзге құжаттардың болуы;
- 8.2.16. Жолаушы соттың немесе басқа да уәкілетті органдардың шешімімен шығуға шектеу қойылған Жолаушылардың тізімінде болған жағдайда, сервисті пайдалану мүмкін болмағаны;
- 8.2.17. Түйісу уақытын таңдау;
- 8.2.18. Отыруды уақтылы өткені;
- 8.2.19. Таңдалған деректердің (әуе компаниясы, рейстердің нөмірлері, межелі және келу орны, барлық ұшу сегменттеріндегі кету және келу уақыты) дұрыстығы;
- 8.2.20. Техникалық жаңылысуға немесе ақпараттық Жүйелердегі жарамсыздықтарға байланысты туындаған Қызмет/Қосымша қызметтерді көрсетудегі іркілістер;
- 8.2.21. Тасымалдаушы кез келген себеп бойынша Жолаушылардың брондарын алып тастағаны үшін жауапкершілік атқармайды, бұл ретте алынған бронның құны бойынша брондау мүмкіндігін беру үшін ЖШС жауапкершілік атқармайды.
- 8.3. ЖШС іздеген сәтте Брондау жүйесінде орналастырылған ақпараттың ықтимал өзгергені, Пайдаланушының әуе билеттерін брондағаны, ақы төлегені және ресімдегені (соның ішінде параллель брондауға, Билеттердің сатып алуға, Тасымалдаушылардың бұрын бекітілген тарифтерге сай қызмет көрсетуден бас тартуына және т.б. байланысты) үшін жауапкершілік атқармайды.
- 8.4. Билет үшін ақшаны Тасымалдаушының қайтару мерзімі және/немесе Тасымалдаушының Билет үшін ақшаны қайтарудан бас тартқаны үшін ЖШС жауапкершілік атқармайды. Билеттерді және ақшаны қайтару мерзімі мен тәртібі Тасымалдаушының Ережелерінде және Тасымалдаушының тарифтерінде айқындалады.
- 8.5. ЖШС Брондау жүйесінің тиісінше жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, алайда Шартқа сәйкес өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ соның ішінде, бірақ шектелмей:
- Брондау жүйесінің және Сайттың ақпараттық қауіпсіздігін немесе қалыпты жұмыс істеуін бұзуға бағытталған үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің;
 - Сайттың, телекоммуникацияның өзге желілерінің жұмысындағы кодтағы қателіктен, компьютерлік вирустардан және Сайттың бағдарламалық қамсыздандыруындағы өзге бөгде фрагменттерден болған жаңылысудың;

- серверлердің арасында интернет-қосылулардың болмауы (анықтаудың, тоқтатудың және т.б. мүмкін болмауы);
 - Интернет желісін және/немесе компьютерлік жабдықты пайдаланумен болған жапы жағдайдың нашарлауына бағытталған үшінші тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты басқа жағдайдалардың, сондай-ақ Сайттың жұмыс қабілеттілігіне байланысты кез келген басқа әрекеттердің және үшінші тұлғалардың әрекеттерінің;
 - Сайтта техникалық жұмыстарды, соның ішінде профилактикалық жұмыстарды орындау нәтижесінде туындаған ықтимал шығын үшін жауапкершілік атқармайды.
- 8.6. Пайдаланушы Билеттерді сатып алуға несие беруден бас тартқанда және несие бойынша Банктің мақұлдауына кепілдік берілмеген жағдайда, ЖШС жауапкершілік атқармайды.
- 8.7. Терроризм актісі, қарудың барлық түрі мен оқ-дәріні, жарылғыш, есірткілік және басқа да заттар мен заттектерді заңсыз тасымалдағаны туралы көрінеу жалған хабарламасы үшін, сол арқылы басқа жолаушыларға немесе Тасымалдаушыға зиян келуі мүмкін болса, Пайдаланушы/Жолаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

9. Қолданылатын құқық және дауларды реттеу тәртібі

- 9.1. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеліп, түсіндіріледі.
- 9.2. Қызмет көрсетуге байланысты барлық құқықтық қатынастар, соның ішінде, бірақ мыналармен шектелмей: брондау және ресімдеу ережесі/үзінді көшірмелер; ақы төлеу ережесі; тарифтерді қолдану ережесі; Билеттердің күшін жою/тасымалдау құжаттарын қайтару ережесі, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу ережесі; Тасымалдаушының тапсырыс берілген қосымша қызметтерін ресімдеу және олардан бас тарту ережесі; Тасымалдаушылардың Қызмет көрсетуінің басқа да талаптары Тасымалдаушылардың Ережелерімен, Тасымалдау шартымен, ИАТА (Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы, ИАТА (ағылш. International Air Transport Association, қысқаша IATA)) шартымен, Қазақстан Республикасының «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы № 266-ІІ Заңымен (бұдан әрі - ТЖ туралы заң), осы Шартпен, сондай-ақ қолданылатын құқықтың басқа да нормаларымен реттеледі.
- 9.3. Жолаушының темір жол тасымалдарын жүзеге асыратын Тасымалдаушыға қоятын шағымы оны алған күннен бастап бір ай мерзімде ТЖ туралы заңға сәйкес қарастырылады.
- 9.4. Жолаушы теміржол тасымалдарын жүзеге асыратын Тасымалдаушыға талап қойған жағдайда, Тасымалдаушы шағымды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда не Тасымалдаушыдан қойылған шағымға оны қарау мерзімі өткеннен кейін жауап алынбаған жағдайда, талап қойылуы мүмкін. Жолаушыны тасымалдау шарты бойынша талап қою мерзімі ТЖ туралы заңға сәйкес алты айды құрайды.
- 9.5. Шарттың Тараптары олардың арасында даулар, қарама-қайшылықтар мен келіспеушілік туындаған жағдайда дауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа дейін немесе соттан тыс тәртіппен реттеу бойынша шаралар (соның ішінде мыналарды қосқанда: шағымдану жұмысын жүргізу, талаптар мен хабарламалар жолдау, хаттармен, электрондық хабарлармен, SMS-хабарламалармен, факсимильдік байланыспен алмасу және заңда тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарын пайдаланып) қолданады. Дауды сотқа дейінгі немесе соттан тыс тәртіппен реттеу бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде Тараптар келісімге келмегенде, дау ЖШС-ның тұрған жері бойынша сот тәртібімен шешуге беріледі.

10. Өзге ережелер

- 10.1. Шарт Акцепт күнінен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.
- 10.2. Шарттың аясында даулы және диспуттық жағдаяттарды шешу үшін, шағымдарды қабылдау үшін пайдаланылатын ЖШС-ның мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 154А, ЖШС.
- 10.3. ЖШС қосымша келісімдер жасаспай, Сайтта өзгерістер туралы хабарлау арқылы және/немесе Пайдаланушының Жеке кабинетіне хабарлама жолдау арқылы Шартты (соның ішінде Қызмет ақысын төлеу мәселесі бойынша) біржақты тәртіппен өзгертеді және/немесе толықтырады. ЖШС-ның біржақты тәртіппен енгізген өзгерістері хабарлаған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн өткен соң күшіне енеді.
- 10.4. Егер Пайдаланушы біржақты тәртіппен енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда, ол Шартты бұзбай, Брондау жүйесін ары қарай пайдалануды тоқтата тұруға және/немесе өзгерістер күшіне енгенге дейін ЖШС-ға электрондық поштамен хабарлап, Шарттан бас тартуға құқылы.

10.5. Егер ЖШС-ның Шартқа біржақты тәртіппен енгізген өзгерістер күшіне енгеннен кейін Пайдаланушы ЖШС-ның қызметтерін пайдалануды жалғастырса, Пайдаланушы барлық өзгерісті қабылдаған және олармен келіскен болып саналады.

10.6. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

10-1. Санкциялық ескертпе

10-1.1. Осы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және ол бойынша міндеттемелерді орындаған кезде Пайдаланушы, оның үлестес тұлғалары шет мемлекеттер органдарының халықаралық экономикалық санкцияларының объектілері болып табылмайтынына, сондай-ақ мұндай тұлғалардың бақылауында еместігіне кепілдік береді.

10-1.2. Пайдаланушы мен оның үлестес тұлғалары халықаралық экономикалық санкциялардың мынадай талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және оны бұзуға тікелей немесе жанама ықпал ететін іс-әрекеттерге бармауға міндеттенеді:

- 1) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жиынтық санкциялық тізбесі;
- 2) SDN, SSI, CAPTA-ны қамтитын OFAC санкциялық тізімі; 3) Еуропалық Одақтың шоғырландырылған санкциялық тізімі;
- 4) ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткіліксіз орындайтын елдердің тізімі; 5) FinCEN 311 – ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың негізгі мәселесіне байланысты юрисдикциялардың, қаржы мекемелерінің немесе халықаралық операциялардың тізімі;
- 6) OFSI-дің санкциялық тізімі.

10-1.3. ЖШС-да Санкциялық ескертпенің 10-1.1-тармағының бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін екені жөнінде күдік туындаған жағдайда, ЖШС Пайдаланушының мекенжайына тиісті хабарлама жолдайды.

10-1.4. Пайдаланушы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұзушылықтар, сондай-ақ Санкциялық ескертпенің 10-1.1-тармағын бұзуға әсер ететін талаптар болмаған кезде, бұл туралы жазбаша растау ұсынуға тиіс.

10-1.5. Санкциялық ескертпенің талаптары бұзылған және (немесе) орындалмаған жағдайда, ЖШС іскерлік/шарттық қатынастарды орнатудан/жалғастырудан бас тартуға, операция жүргізуден, қызмет көрсетуден бас тартуға, Пайдаланушының пайдасына төлемді тоқтата тұруға, Шарт бойынша ақы төлеуден бас тартуға, Пайдаланушыға тиісті жазбаша хабарлама жолдап, Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға құқылы. Пайдаланушы аталған хабарламаны алған сәттен бастап Шарт бұзылған болып саналады.

10-1.6. Егер Пайдаланушы/контрагент/операцияға қатысушы немесе олармен тікелей немесе жанама байланысты тұлға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық экономикалық санкциялардың, тыйымдардың, шектеулердің ықпалында болса және (немесе) санкциялық элементпен, оның ішінде санкциялық тауарлармен/қызметтермен өзге де байланысы болса, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкцияларды бұзудың ықтимал тәуекелдері болған жағдайда, ЖШС іскерлік/шарттық қатынастар орнатудан бас тартуға, операция жүргізуден бас тартуға, қызмет көрсетуден бас тартуға, ақы төлеуді тоқтата тұруға, ақыны өткізуден бас тартуға, сондай-ақ Пайдаланушымен/контрагентпен/өзге тұлғамен жасалған барлық шарттарды біржақты тәртіппен бұзуға және іскерлік/шарттық қатынастарды тоқтатуға құқылы.

11. Деректемелер:

ЖШС Kaspi Travel

Мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы,

Бостандық ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 154А,

БСН130840007160

Банк: «Kaspi Bank» АҚ

ЖСК KZ25722S000001889825 KZT

БЕК 17

БСК CASPKZKA